

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 11 маусым N 207-II

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақ ССР-інде ауылды, селоны және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы" 1991 жылғы 13 ақпандағы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Заңына (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 8, 93-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 327-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 927-құжат):

1) Заңның тақырыбындағы және бүкіл мәтіні бойынша:

"Қазақ ССР-інде", "Қазақ ССР-і", "Қазақ ССР", "Қазақ ССР-іне" "Қазақ ССР-інен", "Министрлер Кабинеті", "Министрлер Кабинетінің" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасында", "Қазақстан Республикасы", "Қазақстан Республикасына", "Қазақстан Республикасынан", "Үкіметі", "Үкіметінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) Заңның тақырыбындағы және бүкіл мәтіні бойынша "ауыл, село", "ауылдардан, селолардан", "ауылды, селоны", "ауылдың, селоның", "селодағы", "село халқы", "село халқын", "село халқына", "село халқының", "селолық қоныс", "селолық қоныстар", "селолық мектептер", "селолық мектептердің", "селолық мектеп", "село жастары", "село жастарының", "селолық жерде", "селолық жердегі", "ауылдық жерлерде", "селолық жерлерде", "селолық жерлердегі", "селолық жерлерден" деген сөздер тиісінше "ауыл (село)", "ауылдардан (селолардан)", "ауылды (селоны)", "ауылдың (селоның)", "ауылдағы (селодағы)", "ауыл (село) халқы", "ауыл (село) халқын", "ауыл (село) халқына", "ауыл (село) халқының", "ауылдық (селолық) қоныс", "ауылдық (селолық) қоныстар", "ауылдық (селолық) білім беру ұйымдары", "ауылдық (селолық) білім беру ұйымдарының", "ауылдық (селолық) білім беру ұйымы", "ауыл (село) жастары", "ауыл (село) жастарының", "ауылдық (селолық) жерде", "ауылдық (селолық) жердегі", "ауылдық (селолық) жерлерде", "ауылдық (селолық) жерлердегі", "ауылдық (селолық) жерлерден" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) "Денсаулық сақтау, халыққа білім беру және мәдениет" деген VIII бөлімінде: бөлімнің тақырыбындағы "халыққа" деген сөз алып тасталсын;

4) 42-бапта:

тақырыптағы және 1-тармақтағы "мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері", "мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің" деген сөздер "мектепке дейінгі ұйымдар

", "мектепке дейінгі ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "халық депутаттары жергілікті Советтерінің" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ауылдық (селолық) жерлердегі жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын мектептерге үнемі тегін апару мен алып қайтуды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және ол жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.";

5) 47-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

Аграрлық-өнеркәсіптік кешен үшін кадрларды кәсіптік даярлау, олардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлау ісі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

6) 48-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"48-бап. Ауыл (село) халқын кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру саласында мемлекеттік қолдау

Ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша оқуға түскен кезде, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде олар үшін қабылдау квотасы көзделеді.".

2. "Қазақ ССР-інде мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Заңына (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 26, 345-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 9-10, 158-құжат; N 15, 208-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 17-18, 219-құжат; 1998 ж., N 24, 432-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат):

1) Заңның тақырыбындағы және бүкіл мәтіні бойынша "Қазақ Советтік Социалистік Республикасы", "Қазақ Советтік Социалистік Республикасының", "Министрлер Кабинеті", "Министрлер Кабинетінің" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы", "Қазақстан Республикасының", "Үкіметі", "Үкіметінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 20-бапта:

бірінші бөліктегі "мемлекеттік емес мекемелерде және" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктегі "орта, арнаулы орта және жоғары" деген сөздер "және кәсіптік" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдарда оқитын

мылқаулар мен зағиптарға мемлекеттік стипендияның мөлшері стипендиялардың жалпыға бірдей белгіленген мөлшерден жетпіс бес процент жоғары болып белгіленеді. Кәсіптік білім беретін ұйымдарда оқитын өзге мүгедектерді стипендиямен қамтамасыз ету жөніндегі жеңілдіктерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

3) 21-бапта:

бірінші бөліктегі "балалар" деген сөз алып тасталсын;

бірінші және екінші бөліктердегі "мектеп жасына дейінгі жалпы үлгідегі балалар мекемелерінде", "мектеп жасына дейінгі жалпы үлгідегі мекемелерде", "мекемелер" деген сөздер "жалпы үлгідегі мектепке дейінгі ұйымдарда", "жалпы үлгідегі мектепке дейінгі ұйымдарда", "ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Мүгедектерге жалпы және кәсіптік орта білім беру

Мүгедектерге жалпы және кәсіптік орта білім беру жалпы немесе арнаулы үлгідегі білім беру ұйымдарында, ал қажет болған жағдайда үйде жүзеге асырылады.

Стационарлық емдеу-профилактикалық, оңалту және басқа да денсаулық сақтау ұйымдарында емделу курсынан өтіп жатқан мүгедек балалар үшін жалпы білім беру бағдарламасы көлемінде оқу сабақтары ұйымдастырылады. Оқу сабақтарын ұйымдастыру тәртібін білім беру және денсаулық сақтау саласындағы орталық атқарушы органдар белгілейді.

Бірінші және екінші топтағы мүгедек балалар үшін арнаулы білім беру ұйымдары, оңалту орталықтары, мүгедектерге арналған үйлер мен орталықтар жанынан арнаулы сыныптар құрылады.

Білім беру гранттары мен кредиттерін бюджеттен қаржыландыру арқылы тегін мемлекеттік білім алуға конкурс өткізу кезінде көрсеткіштер бірдей болған жағдайда, медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияларының қорытындысы бойынша кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында оқуына болатын бірінші және екінші топтағы мүгедектердің, сондай-ақ бала кезінен мүгедектердің артықшылықты құқығы бар.

Кәсіптік жоғары, орта және бастауыш білім беру ұйымдарын бітірген бірінші және екінші топтағы мүгедектерді жұмысқа орналастыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың тұрғылықты жерінде, алған мамандығы бойынша жүзеге асырылады.";

5) 23-бапта:

бірінші бөліктегі "мекемелер" деген сөз "ұйымдар" деген сөзбен ауыстырылсын; үшінші бөлікте:

"мекемелері" деген сөз "ұйымдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

"оқытуда" деген сөзден кейін "білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 24-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедек балалардың жан-жақты әрі үйлесімді дамуы, оларды қоғамдық белсенділікке, еңбекке, ынталылыққа тәрбиелеу, ғылымға, техникаға, өнерге және спортқа баулу мақсатында білім беру органдары мен басқа да мемлекеттік органдар мүгедек балалардың мектептен тыс тәрбиеленуге қол жеткізуін қамтамасыз етуге, осыған қажет жағдайлар жасауға міндетті.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бес-алты жасар мүгедек балаларды мектепке барар алдында даярлау міндетті болып табылады және отбасында, мектепке дейінгі ұйымда немесе мектепте жалпы білім беру бағдарламасы көлемінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында ол тегін жүзеге асырылады.";

7) 25-баптың тақырыбы мен мәтініндегі "мекемелерде", "мекемелер" деген сөздер "ұйымдарда", "ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 26-баптың бірінші бөлігіндегі "мекемелерде", "жұмыспен қамту қызметінің" деген сөздер "ұйымдарда", "жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Мүгедектердің білім алу, кәсіптік даярлықтан өту және біліктілігін арттыру нысандары

Мүгедектердің білім алуы, кәсіптік даярлықтан өтуі және біліктілігін арттыруы Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңдарында белгіленген тәртіппен және нысандарда жүзеге асырылады."

3. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Z939000_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 28-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат; N 22, 135-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат):

1) 8-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы жігіттермен және қыздармен бастапқы әскери дайындықты жалпы білім беретін мектептерде, бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беретін білім беру ұйымдарында штаттағы оқытушылар жүргізеді.";

2) 9-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "министрліктер мен ведомстволардың оқу ұйымдарында және Республиканың мемлекеттік білім беру жүйесіндегі оқу орындарында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 15-бапта:

3-тармақта:

а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиясы бар, жалпы білім беретін мектептер мен кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдарында күндізгі оқыту нысаны бойынша оқитын әскерге шақырылушыларға, оларды бітіргенге дейін;"

б) тармақшасының бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің" деген сөздер "білім беру саласындағы орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) ауылдық (селолық) жерлерде орналасқан жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының кәсіптік орта немесе кәсіптік жоғары педагогтік білімі бар және мамандығы бойынша жұмыс істеп жүрген мұғалімдеріне (оқытушыларына), барлық жұмыс істеген кезеңіне;"

4) 26-баптың е) және ж) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"е) білім беру ұйымдарының педагогтары - оқу жылы кезеңінде;

ж) күндізгі оқыту нысаны бойынша оқытатын барлық білім беру ұйымдарында білім алушылар;"

4. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Z952200_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3 -4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; 2001 жылғы 13 наурызда "Егемен Қазақстан" газетінде және 2001 жылғы 12 наурызда "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 2 наурыздағы Қазақстан Республикасының Z010162_ Заңы):

10-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта білім; кәсіптік бастауыш білім, оның ішінде кәсіптер бойынша; кәсіптік орта, кәсіптік жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім, оның ішінде мамандықтар бойынша білім беретін заңды тұлғалардың білім беру қызметі, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың қызметі;"

10-бап мынадай мазмұндағы 10-2) тармақшамен толықтырылсын:

"10-2) білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, электронды оқулықтар мен қосымша оқу әдебиетін басып шығару жөніндегі қызмет;"

5. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Z952235_ Заңына (Қазақстан

Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат; N 14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; 1999 ж., N 6, 192, 193-құжаттар; N 20, 731-құжат; N 21, 786-құжат; N 23, 928-құжат; N 24, 1067-құжат; 2000 ж., N 3-4, 65, 66-құжаттар; N 10, 234-құжат; 2001 ж., N 3, 16-құжат; 2001 жылғы 5 мамырда "Егемен Қазақстан" газетінде және 2001 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2001 жылғы 3 мамырдағы Қазақстан Республикасының Z010183_ Заңы):

1) 57-бапта:

1-тармақта:

15) тармақшадағы "арнаулы орта және жоғары" деген сөздер "кәсіптік орта және кәсіптік жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшадағы "мектеп жасына дейінгі балалар, орта, арнаулы орта және жоғары білім" деген сөздер "мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 123-баптың 3-тармағының 10) тармақшасындағы "мектепке дейінгі балалар мекемелері, орта, арнаулы орта және жоғары білім" деген сөздер "мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары білім беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 134-баптың 1-тармағының 7) тармақшасындағы "мектепке дейінгі балалар мекемелері, орта, арнаулы орта және жоғары білім" деген сөздер "мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары білім беру" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Z980258_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 14, 200-құжат; N 22, 308-құжат; N 24, 443-құжат):

4-баптың 5) тармақшасының он екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Алматы қаласының аумағындағы жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта және кәсіптік бастауыш білім беретін білім беру ұйымдарының, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың қызметіне;"

7. "Білім туралы" 1999 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Z990389_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат):

1) 28-баптың 3-тармағын, 46-баптың 3-тармағын қоспағанда, Заңның бүкіл мәтіні бойынша "орталық атқарушы органдары", "орталық атқарушы органдар", "орталық атқарушы органдардың" деген сөздер тиісінше "орталық атқарушы органы", "орталық атқарушы орган", "орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) Заңның бүкіл мәтіні бойынша "селолық жерлер", "село жастары" деген сөздер тиісінше "ауылдық (селолық) жерлер", "ауыл (село) жастары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-бап:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) білім беру ұйымдарын аккредитациялау - кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік жоғары білім берудің білім бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың мәртебесін білім бағдарламаларының тізбесін белгілей отырып, олардың үлгісі (жоғары оқу орны) мен түріне қарай (институт, академия, университет) мемлекеттің тануы (кезекті мерзімге растауы). Бұл ұйымдардың бітірушілерге аталған бағдарламалар бойынша білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар беруге құқығы бар";

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) ассистентура-тағылымдама - өнер оқу орындарында жоғары білікті ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны";

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

"20-1) қабылдау квотасы - ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар мен Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына қабылдау үшін бөлінетін білім беру гранттары мен кредиттерінің шекті саны";

32) тармақшадағы "резидентура" деген сөз "клиникалық ординатура" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 40-1) және 41-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"40-1) мектеп-гимназия (мектеп-лицей) - гимназияның жалпы білім беру бағдарламаларын - гимназия сыныптарында; лицейдің жалпы білім беру бағдарламаларын лицей сыныптарында іске асыратын жалпы білім беретін орта оқу орны;

41-1) эксперименттік алаң - жаңа педагогикалық технологиялар мен білім беру бағдарламаларын мақұлдаудан өткізуге арналған эксперимент режимінде жұмыс істейтін орта оқу орны.";

4) 9-бапта:

6-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен мемлекеттік аттестаттау негізінде

жүзеге асырылады.";

5) 12-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, заңды тұлғалардың (бұдан әрі - лицензиат) білім беру қызметі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес мамандықтар бойынша лицензиялануға тиіс.";

3-тармақта:

"білім беру ұйымдарына" деген сөздер "заңды тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша "жалпы бастауыш" деген сөздердің алдынан "осы тармақтың

3) тармақшасында аталғандардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

қазақша мәтінде 2) тармақшадағы "береді." деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) жалпы орта білім беретін халықаралық, шетелдік, мемлекеттік емес, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарына Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы береді."
";

6) 13-баптың 3-тармағы:

мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші, алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Жалпы орта, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың ағымдағы жылғы жеңімпаздары болып табылатын (I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталған) түлектері, сондай-ақ республикалық және халықаралық орындаушылар конкурстарының (I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары таңдаған мамандықтар олимпиаданың, ғылыми жарыстың, конкурстың олар жеңімпаз болып табылатын пәніне сәйкес келген жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік білім беру гранттарын алуға құқығы бар және олар Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарын тапсырмай қабылданады.

Ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша оқуға түскен кезде, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде оларды қабылдау квотасы көзделеді.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түскен кезде, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде оларды қабылдау квотасы көзделеді.";

7) 16-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен

толықтырылсын:

"Білім туралы құжаттарды нострификациялау тәртібін білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілейді.";

8) 17-бапта:

бірінші бөлік "әдістемелік" деген сөзден кейін "және оқу-әдістемелік" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Оқу-әдістемелік бірлестіктер қызметінің ережесін білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекітеді.";

9) 24-баптың 5-тармағы "лицей" деген сөзден кейін ", мектеп-гимназия, мектеп-лицей" деген сөздермен толықтырылсын;

24-баптың 7-тармағы мынадай редакциядағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Кәсіптік орта білімі бар азаматтар қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша қысқартылған мерзімде ақылы негізде екінші кәсіптік орта білім ала алады.

Колледждер мен училищелерде ұқсас мамандықтар бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктер құрылады.";

10) 25-бапта:

4-тармақтың екінші бөлігі "ұйымдары" деген сөзден кейін "қаржыландырылуы Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған көздерден жүзеге асырылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 26-бапта:

2-тармақта:

"резидентурасында" деген сөз "клиникалық ординатурасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"аспирантурасында," деген сөзден кейін "ассистентура-тағылымдамасында" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ассистентура-тағылымдамада тағылымдамадан өту мерзімі күндізгі оқу нысаны бойынша - екі жылдан, сырттай оқу нысаны бойынша үш жылдан аспауға тиіс.";

12) 29-баптың 3) тармақшасындағы "жергілікті бюджеттен қаражат алатын колледждерде кәсіптік орта білімі бар" деген сөздер "республикалық бюджеттен қаражат алатын ұйымдарда кәсіптік орта білімі бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 30-бапта:

2) тармақша алып тасталсын;

4) тармақша "лицензиялау" деген сөзден кейін ", мемлекеттік аккредитациялау" деген сөзбен толықтырылсын;

9) тармақша "лицензиялау" деген сөзден кейін ", мемлекеттік аккредитациялау" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) оқу-әдістемелік бірлестіктер мен кәсіптік-білім беру бағдарламаларын оқу және ғылыми-әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі кеңестердің жұмысын үйлестіреді;

мынадай мазмұндағы 9-2) тармақшамен толықтырылсын:

"9-2) кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялауды ұйымдастырады және жүргізеді";

мынадай редакциядағы 24-1) тармақшамен толықтырылсын:

"24-1) білім туралы құжаттарды нострификациялау тәртібін белгілейді";

14) 32-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) білім беру саласындағы орталық атқарушы органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес педагог қызметкерлерді аттестаттауды өткізеді және оларға біліктілік разрядтарын береді";

15) 33-баптың 3-тармағының 7) тармақшасы алып тасталсын;

16) 35-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "аттестаттау" деген сөзден кейін "мен аккредитациялау" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "аттестаттау" деген сөзден кейін "мен аккредитациялау" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 40-баптың 5-тармағының 5) тармақшасы "күндізгі оқу нысаны үшін - 8:1," деген сөздерден кейін "ал медициналық жоғары оқу орындары үшін - 6:1," деген сөздермен толықтырылсын;

18) 41-баптың 2-тармағының екінші сөйлемі "оларға теңестірілген адамдар қызметінің тізбесін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 42-баптың 1-тармағындағы "еңбек шартымен не еңбек келісім-шартымен", "Еңбек шартының не еңбек келісім-шартының" деген сөздер "жеке еңбек шартымен", "Жеке еңбек шартының" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 43-бапта:

4-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік білім беру ұйымдарын қаржыландыру білім беру деңгейлері бойынша

жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандарттармен белгіленген талаптарды сақтау арқылы және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін ақшалай және заттай нормаларды, сондай-ақ еңбекке ақы төлеу нормаларын ескере отырып, республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.";

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Шағын жинақталған мектептерді қаржыландыру ісінде білім алушылар санына қатысы жоқ шығындар ескерілуге тиіс.";

21) 45-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік білім беру мекемелері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге құқылы.";

22) 46-бапта:

6-тармақта:

"мемлекеттерде" деген сөз "мемлекеттердің" деген сөзбен ауыстырылып, одан кейін "зайырлы оқу орындарында" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтағы "білім алу және педагогтік қызметпен айналысу құқығын пайдалана алады" деген сөздер алып тасталып, "келісім-шарттар бойынша" деген сөздерден кейін "білімге және педагогтік қызметпен айналысуға құқықты" деген сөздермен және "Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең" деген сөздерден кейін "пайдаланады." деген сөзбен толықтырылсын;

23) 47-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдардың Қазақстан Республикасында білім алуға құқығы бар.";

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті